



БЕКІТІЛГЕН  
ҚР МАМ «ҚазҰӨУ» РММ  
Ғылыми Кеңесі

Мусахаджаева А.К.  
№ 3058 « 29 » 12 2023 ж.

## Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" РММ біліктілікті арттыру бөлімі туралы ереже

### 1 Жалпы ережелер

1.1 Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің біліктілікті арттыру бөлімі (бұдан әрі - Бөлім) өз қызметінде келесі күжаттарды басшылыққа алады:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III "Білім туралы" Заңымен;
  - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңымен;
  - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексімен;
  - Қазақстан Республикасы Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 342 бүйрүгімен бекітілген Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексімен;
  - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Білім және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасымен;
  - Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлінің 2015 жылғы 28 қантардағы № 25 бүйрүгімен бекітілген университет Жарғысымен;
  - Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен;
  - осы Ережемен.
- 1.2 Бөлімнің штаттық құрамы төменде көрсетілген:
- Бөлім Басшысы;
  - Біліктілігі жоғары деңгейдегі маман - 1 позиция;
  - Зертханашы - 1 позиция.

### 2 Бөлімнің негізгі міндеттері, функциялары

#### 2.1 Бөлімнің негізгі міндеттері:

2.1.1 Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің өтінімдері негізінде профессорлық-окытушылық құрамның (бұдан әрі - ПОҚ) біліктілігін арттыру жоспарын әзірлеу.

2.1.2 ПОҚ және Университет қызметкерлері үшін ҚР жетекші жоғары окурындарында (онлайн режимде және негізгі қызметтен қол үзіп оку),

Университет ішінде біліктілікті арттыру курстарын (бұдан әрі - БАК) ұйымдастыру.

2.1.3 БАК бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу мәселелері бойынша құрылымдық бөлімшелерге, кафедраларға консультациялық көмек көрсету.

2.1.4 БАК өткізу бойынша Университеттің мәдениет және білім беру ұйымдарымен және мекемелерімен әріптестік қарым-қатынас тәжірибесін жинақтау.

## 2.2 Бөлімнің негізгі функциялары:

2.2.1 БАК бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге қатысу.

2.2.2 Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларына өзгерістер енгізу бойынша ұсыныстар енгізу.

2.2.3 Білім беру бағдарламаларын қарауды және келісуді қоса алғанда, даярлау бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын ұйымдастыру, жоспарлау және іске асыру жөніндегі және университеттің құрылымдық бөлімшелерімен біліктілікті арттыру курстарын ұйымдастыру жөніндегі қызметті үйлестіру.

2.2.4 Занды және жеке тұлғалармен шарттар негізінде тыңдаушылар контингентін қалыптастыру.

2.2.5 Біліктілікті арттыру курстарын өткізу үшін жоғары білікті ПОҚ тарту.

## 3 Бөлімнің қызметін ұйымдастыру

3.1 Бөлім тікелей академиялық мәселелер жөніндегі қызмет басшысына және оку және оку-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректорға бағынады.

3.2 Бөлімді Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген тәртіпте ректор лауазымға тағайындастырын және лауазымынан босатылатын басшы басқарады.

3.3 Бөлім басшысы бөлім қызметін басқаруды іске асырады және Бөлімге жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға жауапты болады.

### 3.4 Осы мақсатта бөлім басшысы:

- бөлім қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін айқындаиды;
- бөлімнің қызметін ұйымдастыруды, үйлестіруді және бақылауды жүзеге асырады;

- Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша хаттар мен нормативтік құқықтық актілердің жобаларын келіседі, бұрыштама қояды;

- өз өкілеттігі шегінде мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен өзара іс-қимыл жасайды;

- өз құзыретіне жататын басқа да мәселелер бойынша шешім қабылдайды.

3.5 Бөлім құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Бөлім атынан басқа құрылымдық бөлімшелерге жіберілетін құжаттарға басшы, ал ол болмаған жағдайда оны алмастыратын тұлға қол қояды.

## 4 Құқықтары мен міндеттері

#### 4.1 Бөлімнің құқықтары:

4.1.1 Бөлімнің құзыреті шенберіндегі қызметпен айналысатын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің, Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің, басқа да білім беру мекемелері мен ұйымдарының құрылымдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

4.1.2 Бөлімнің қызметі аясындағы мәселелер бойынша Университеттің барлық құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат сұрату және алу.

4.1.3 Басқа құрылымдық бөлімшелердің қызметкерлерінен қажетті ақпаратты, құжаттарды сұрату және алу.

4.1.4 Оку-әдістемелік құжаттаманы бекітуге дайындау кезінде оны рецензиялауды жүзеге асыру.

4.1.5 Университет қызметіне қатысты мәселелерді талқылауға және шешуге қатысу.

4.1.6 Қызметкерлердің қызметтік міндеттерін орындау мақсатында қажетті бағыттар бойынша біліктілігін арттыру.

4.1.7 Жұмыс орнында денсаулық пен еңбек қауіпсіздігін жақсарту туралы ұсыныстар енгізу.

4.1.8 Бөлімнің құзыретіне кіретін мәселелерді талқылау бойынша кеңестер өткізу.

4.2 Басшы мен қызметкерлер Бөлімнің құқықтарын лауазымдық нұсқаулықта белгіленген міндеттерге сәйкес жүзеге асырады.

#### 4.3. Бөлімнің міндеттері:

4.3.1 Қазақстан Республикасының қолданыстағы заннамасының талаптарын сақтау.

4.3.2 Бөлімнің жұмысын нақты ұйымдастыруды қамтамасыз ету және оны жетілдіру.

4.3.3 Сыйбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұру.

#### 4.4 Бөлім басшысы мен қызметкерлері төмендегі қызметтерге жауапты:

4.4.1 Жүктелген функционалдық міндеттерді уақтылы және сапасыз орындағаны үшін.

4.4.2 Университет басшылығына уақтылы және сапасыз ақпарат бергені үшін.

4.4.3 Жұмыс уақытын, еңбек, қаржы, материалдық, ақпараттық және техникалық ресурстарды ұтымсыз пайдаланғаны үшін.

4.4.4 Еңбек және атқарушылық тәртіпті бұзғаны үшін.